



- Қасымбек Медиұлы, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы» тарихи Заңының қабылдануына қатысын, жобаны қолдап, қол көтерген қайраткердің бірісіз. Сол бір ұмытылмас сәттегі көңіл әсері жайлы әңгімелеп берсеңіз...

-Иә, менің Қазақстан Тәуелсіздігі туралы Занды қабылдауға қатысқаным және Заң жобасын қолдап сөз сөйлегенім өмірімнің ең бір маңызды сәттері болғанын зор мақтаныш етемін. Маған кеңестік жүйенің құлдыраған тұсында 11 -ші және 12-ші шақырылған Жоғарғы Кеңестің депутаты болу бақыты бұйырды. Бұл кезеңдер жекелеген ұлттардың саяси белсенділігі артып, демократия ұшқыны алауға айнала бастаған уақыт еді. Өткенді қаралағаным емес, кеңестік жүйенің «тоқырау» аталған 70-80 жылдарындағы Жоғарғы Кеңес сессияларында сана-сезімнің серпілісі аңғарылмаған екен. Ал біздің тұсымызда жариялылық салтанат құрып, аз да болса, ақиқат айту мүмкіндігі туған болатын. Сондықтан болар, мемлекетіміз үшін, қазақ халқы үшін маңызды саналған көптеген негізгі заңдарды сол 11-ші және 12-ші шақырылған Жоғарғы Кеңестің депутаттар құрамы қабылдады. Сол біз қабылдаған заңдардың ішіндегі ең қастерлісі, ең шоқтығы биігі 1991 жылы 16 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы»



Қ.Медиев әріптесі Мұхтар Шахановпен.


Мен осы тарихи Занды қолдап, қол көтергенім және жақтап сөз сөйлегенім үшін өзімді шын бақытты санаймын.

Ал Заң қабылданған сәтте қол толқып кеткендей болды. Менің

**Қоғам және мемлекет қайраткері
Қасымбек МЕДИЕВ:**



Тәуелсіздіктің арайлы таңы көкжиегімізді нұрға бөлегеніне - 20 жыл. «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы» тарихи Заң 1991 жылы 16 желтоқсан күні сағат кешкі 18-ден тура 14 минут кеткенде қабылданды. Біз-тура 74 жыл билік құрған коммунистік жүйенің құрамынан ең соңынан шыққан елміз. Одақтастарымыз өз алдына отау құрып, Тәуелсіздігін жариялап жатқанда, біз «үлкен үйден еншімізді бөлуге асықпаған екенбіз. Одан ұтылған түгіміз жоқ. Бізден сәл ертерек егемен ел атанып, шекарасын белгілеген көршілерімізде саяси қақтығыстар орын алып дүмпулермен дүрлігіп жатты. Біз сабырға жүгіндік. Қалай болғанда да, Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Тағдырымызға Тәуелсіздікті таралғы еткен тарихи Заңның қабылдануы да еш кедергісіз жүзеге аса салмаған екен. Мекет тағдыры таразыланған тарихи сәттегі саяси ахуал жайында сол кездегі 12-ші шақырылған Жоғарғы Кеңестің депутаты Қасымбек МЕДИЕВТІ әңгімеге тартқан едік.



Конституциялық Заң еді.

Біз бұл Заңды қабылдауға үлкен саяси сергектікпен келдік. Алайда, алдын-ала біздерді дайындап, «Сен сөйлейсің! Сен пікір білдіресің!» деген ешкім болған жоқ. Біздің ойымызға от салып, бойымызға жігер берген әлдебір рухани күш болды. Дәл сол уақытта біз неге болса да, дайын едік. Біздеп басқа республикалардың барлығы Тәуелсіздігін жариялап, Одақ құрамынан шығып кетті. Ештеңеге жалтақтап отырмағанымызды білеміз. Сабырмен, салмақпен келер еркіндік бақытының алыс емес екендігін де сезіндік. Сонда да бойды кернеген әлдебір серпіліс әлденеге алып ұшатын секілді. Ол азаттықтың қасиеті екен. Тәуелсіздік-тәтті ұғым. Ол - бабаларымыздың ғасырлар бойғы арманы.

Сол тарихи сессия Жоғарғы Кеңестің үлкен залында өтті. Бұл зал арнайы техникалық құралдармен жабдықталған. Заң жобасын талқылау 14 желтоқсан күні басталды. Екі күн егжей-тегжейлі талқыланып, үшінші күн дегенде зордың күшімен қабылданды. Әр бабын тамырынан талдап, бүге-шігесіне дейін тәптіштеп бақтық. Күн тәртібіндегі ғана емес, ел тарихындағы ең маңызды мәселе - Тәуелсіздік туралы Заң жобасына қатысты депутат, заң жобасын дайындаған жұмыс тобының жетекшісі, академик Сұлтан Сартаев баяндама жасады. Сұлтан замандасымыздың даусы керемет еді, сол күні тіпті қыран дауысындай саңқылдап шықты. Залды рух кернеп тұр. Баяндамадан кейін депутаттар тарапынан сұрақ жауып берді.

Бүгінгі жастар ойлайтын шығар, Тәуелсіздік туралы Заң оп-оңай қабылдана салды деп. Мүлде олай емес. Едәуір қарсылыққа ұшырады.

Кейбір депутаттар: «Осы заңның



орнымбесіншіқатардыңортатұсында болатын. Зал мен отырған жерден өте жақсы көрінеді. «Қазақстан жасасын!», «Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!» деген ұрандар айтылып жатты. Денутаттар бір-бірімен құшақтасып, бірін-бірі құттықтап жатты. Тіпті, кейбір депутаттар мен Үкімет мүшелерінің жанарынан жас байқадым. Өзім де қатты толқыдым. Әсіресе, Әнұран орындалған сәтте керемет сезім құшағында болдым. Сол сәтте кеудемізді кернеген шаттықты сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.

- Заң қабылданар қарсаңда Сіздердің орталарыңызда топқа бөліну, жіктелу жолымен жұмыс жасау үрдісі орыналдыма?Мәселен,Заң жобасын қолдаушылар мен қарсылық білдірушілердің астыртын топқа бірігуі деген секілді...

рінгі қарсылықтан

«абылданғы»

шеңгелінің соңғы тұяқ серпуіне баладым.

- Қасымбек аға, сол күнгі талқылауда «ҚР Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң жобасын белсенді түрде жақтаған әріптестеріңізден кімдердің есімін атар едіңіз?

- Заң жобасын қолдап, қол көтерген 270 депутаттың қай-қайсысы да белсенділік танытты дер едім. Дегенмен, тарихы тамырлы елдің еркіндігін білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғаған бабалар рухының лайықты мұрагері бола білген жекелеген қайраткерлердің белсенділігін бөле-жара атауға тиіспіз. Әсіресе, Салық Зиманов, Қуаныш Сұлтанов, Шерхан Мұртаза, Нұрлан Оразалин, Әбіш Кекілбаев, Мұрат Әуезов, Қажымұрат Нағыманов, Мұхтар Шаханов сынды депутаттардың сөйлеген сөздері менің

діргендер өзге ұлт өкілдері болды. Көбінің аты-жөні есімде жоқ. Чернышов, Козлов деген денутаттар Заңның қабылдануына ашық қарсылық білдірмесе де, кейінге ысырып, кешеуілдету пиғылдарын аңғартып қалды. Бірақ, ат төбеліндей аз ғана топтың қарсылығы бабалар арманына ұмтылған рухты топ пысқырсын ба?!

- Әлгінде, бір сөзіңізде «біз - одақтастар арасынан Тәуелсіздігін ең соңында қабылдаған елміз» деп қалдыңыз. Сіздің пікіріңізше осының себебі неде? Жалтақтау ма, жайбарақаттық па?

Мұның себебі - жалтақтау емес, әліптің артын бағу, яғни, сабырлы саясаттың көрінісі. Біздің Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сол бір сындарлы сәт-

тадык. Бұдан бұрын да Заң қабылдап, Тәуелсіздігімізді жариялап жіберуге мүмкіндігіміз болды. Бірақ, біз Одақтың құрамынан ерте шыққандардың қателігін қайталамау тиімді тұстарын меңгеру үшін асығыстық жасамау ұстанымында болдық. Жергілікті ұлт өкілдерінің пайыздық үлесі өте аз елдегі саяси ахуалды ушықтырып алмау үшін бізге осы жол тиімді еді. Кавказ. Балтық жағалауы елдерін шарпыға сол кездегі саяси жағдай естеріңізде болар... Біздің Елбасы сол қателіктерді қайталамауға тырысты сондықтан, асығыс қадамға барған жоқ. Рас, қазіргі таңда кейбір оппозициялық топтар Елбасының бұл қадамынан саяси қателік іздеп, сабырдың салмағын жалтақтыққа жегізіп жүр. Бұл - қате пікір.

- Қасымбек Медиұлы тарихи Заң қабылданған кездегі толқулы сәттің

керегі бар ма? Біз кімнен еркіндік, тәуелсіздік сұрап отырмыз? Онсыз да тәуелсіз мемлекет емеспіз бе?!» деген мазмұндағы қияңқы пікірлерін көлденең тартты. Ондай пікір білдірген депутаттардың сөзіне Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының өзі араласып, ашық пікірін білдіріп отырды. Кейбір бұра тартып, кері пікір білдірушілерді ықтырып алып оғырғанына куә болдық. Менің күнделігімдегі жазбада сакталып қалыпты, Заң жобасын қолдап 30 депутат сөйледі. Солардың ішінде мен бармын. Әлгіндей бұра тартқан пікірлерге шыдай алмай кетсем керек, орнымнан атып тұрып, сөз сұрадым. Әлі есімде, **«Жарыссөзді тоқтатайық! Енді созбақтай беретін ештеңе жоқ. Бұл Заң біздің мемлекеттігімізді нығайту үшін ауадай қажет! Бізден басқа одақтас республикалардың барлығы Тәуелсіздігін жариялады. Біз нені күтіп отырмыз? Талқылауды тоқтатып, Заңды қабылдайық!»** деген мазмұндағы өткір пікірімді білдірдім. Көпшілік депутаттарға менің сөзім ұнаса керек, бірталайы дуылдата қол соқты.

Міне, екі жарым күн қызу талқыланған тарихи Заң 16 желтоқсан күні сағат кешкі алтыдан 14 минут кеткенде қабылданды. Сол кездегі депутаттық құрамның нақты саны есімде жоқ, ал Тәуелсіздік туралы Заңды 270 депутат қолдап дауыс берді, 12 депутат қарсылық білдірді.

- Жоқ. Біз ондай әрекетке барған жоқпыз. Заң жобасын жақтаушылар да, қарсылық білдірушілер де өздерінің жеке пікірлерімен шығып жатты. Жақтаушылар бірауызды болды, ал қарсылық танытушылар пікірі сан-саққа жүгіріп жатты. Өз басым Заңның қабылдануына қарсы топтың амалсыз әрекетін шовинизм



жадымда мәңгі сақталып қалды. Олардың барлығы биік өре танытып, өте терең сөйледі. Әрі бұлардың біразы Заң жобасын әзірлеген жұмыс тобында болғандар еді.

- Қарсы болғандардан кімдердің есімін атай аласыз?

- Мен - өткенге күйе жағуға құштар жан емеспін. Негізінен Заң жобасын қабылдауға қарсылық біл-

тегі сабырлы саясаты бұл жолы да оң нәтиже, орасан олжа берді. Тәуелсіздік туралы Заңды асығыс қабылдағандардың алғашқы легінің аяқ алысын бақтық. Кейбір елдерде саяси қақтығыстар орын алып жатты. Кейбірі экономикалық дағдарыстың жұтқыншағына жұтылу қаупіне душар болды. Ал біз әліптің алды-артын бағып, сабыр сақ-

**ұмытылмас әсерін әп-
энгімелен бердіңіз. Ал
сол сәтте өзіңіз Тәуелсі
закстанның нұрлы і
шағын көз алдыңызг;
лай елестеттіңіз?**

-Әлгінде айтып өттім ғой, ғ әсерде болдым. Тәуелсіздігімізді дастырдық. Бабалар арманына



Жоғарғы Кеңестің мәжіліс залы. 1991 ж. 16 желтоқсан.

жеткіздік. Отанын шын ниетімен сүйіп, еліне адал қызмет етсем деген азамат үшін бұдан артық қуаныш болмас, сірә... Өз басым ұзақ жыл кеңестік жүйеде партия сарбазы болып қызмет еткендіктен, көп жағдайда біздің ұлттық мүмкіндіктеріміз шектеулі болғанына іштей қынжылып жүретінмін. Жетпіс жылдан астам уақыт Мәскеуге жалтақтап келдік. Өз бидайымыздан нан пісіріп жеуге Мәскеудің рұқсаты керек болды. Ал болашақта ше? Біз - енді дербес мемлекетпіз! Өз билігіміз - өзімізде. Заң қабылданып, Әнұран асқақтап тұрған сәтте менің көкірегімді осындай сезім кернеді. Оның үстіне, тура сол кезеңдегі экономикалық дағдарыстың белең алып тұрғаны естеріңізде шығар. Дүкендердің сөрелері - жылан жалағандай, жылу, жарық жоқ, айлап жалақы, зейнетақы алмай жүрдік. Менің көңіліме сол сәтте осы қабылданған Заң, арайлы таңы атқан Тәуелсіздік осы қиындықтың бәрін жеңеді деген серпінді сенім ұялады. Бүгін сол сенім ақталды да.

Тәуелсіздігімізді 1991 жылы 16 желтоқсанда жарияладық. Тура сол күні еркіндікке ұмтылған жасампаз ел жастары «ұлы империяның» шовинистік пиғылына қарсылық көрсеткен Желтоқсан оқиғасына 5 жыл болған еді. Тәуелсіздік туралы Заңды қабылдауға тура сол күннің дәп келуі кездейсоқтық па? Әлде...

- Жоқ. Мұны кездейсоқтық деп қарауға болмайды. Елбасының Тәуелсіздік туралы Заңды қабылдауға тура сол күнді таңдауында үлкен көрегендік жатыр. Айттық қой, Тәуелсіздік - бабалар арманы. Сол арманға жету жолында Жұбан Молдағалиев айтқандай, «мың өліп, мың тірілген» халықпыз. Ұлы дала қаншама ұрыстардың, небір дауылды, зауалды сәттердің куәсі болды. Одан кейін жетпіс жылдан астам уақыт бейбіт түрде рухымызды езгіге салған жүйеде өмір сүрдік. Желтоқсан оқиғасы рухы күшті елдің осынша қиянатқа жасалған тегеурінді - қарсылығы еді. Жастардың жалынғұмыры оққа байланып, көптеген ұл-қыздарымыз жазықсыз жапа шекті. Бұл күн Тәуелсіздік күні болып, еркіндік жолында құрбан болған бабалардың рухына тағзым ету, олардың ерлігіне құрмет көрсету үлгісі ретінде және одан кейінгі Желтоқсан оқиғасында жастардың жазықсыз төгілген қанының өтеуі болсын деген ниетпен таңдалды. Бұл күннің

- Қасымбек аға, ендігі сұрақ - осы Желтоқсан оқиғасына қатысты. Мүмкін, өткірлеу де болар... Дегенмен, тұра Сізге қойылуға тиісті сұрақ. Желтоқсан оқиғасы тұсында Сіз партияның көш бастаған серкесі едіңіз. Жастардың бейбіт басталған шеруін қарумен жаншу әрекеті партия органдарының тапсырмасымен болғаны бізге аян. Сол кезде Жезқазған облысының екінші хатшысы болып отырған Медиев қолы мен арын былғап алған жоқ па?

- Иә, мен ол кезде Жезқазған облыстық партия комитетінің екінші хатшысы едім. Шындығын айту керек, Желтоқсанның желі Жезқазғанға жете қойған жоқ. Алматы, Қарағанды сияқты үлкен қалалардағы секілді жағдай ушығып, жаппай тәртіпсіздік белең алған жоқ. Орталық Комитеттен қоңырау шалып, маған Алматыда жағдайдың күрделеніп тұрғанын айтып, жергілікті жерде оған жол бермеу жөнінде, жастармен кездесулер өткізіп, алдын алу, түсіндіру жұмыстарын жүргізу жайында шұғыл тапсырма берді. Мен: «Бізде - бәрі тыныш, жағдай - қалыпты. Бейқам жатқан елдің ойына қозғау салып, тыныш жатқан жыланның құйрығын басудың қажеті бар ма?» деген мазмұндағы қарсы пікірімді айттым. Айтқандай-ақ. Жезқазғанға Желтоқсан жаңғырығы жетіп, ел дүрбелең күйге түскен жоқ. Біз де шұғыл жиналыстар өткізіп, төтенше жағдай жариялап, қатты әбігерге түсе қоймадық. Тек ішкі істер органдарының жұмыс тәртібін күшейтілген режимге енгізумен шектелдік.

Ал өз басым - іштей болса да, жастардың ой-пікірін, мақсат-мүддесін қолдаған жанмын. Орталық Комитеттің әлгіндегі шұғыл тапсырмасына енжарлық танытқаным да сондықтан.

- Бәрекелді! Әсерлі әңгімеңізге көп рахмет! Еліміз еңселі, абыройымыз асқақ болсын!

Сұхбаттасқан
Ерсін МҰСАБЕКОВ.